



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

рий – наличие самостоятельного творческого результата деятельности учащихся и педагогов, что и показывает практика нашей многолетней деятельности.

Список литературы:

1. academia-moscow.ru>off-line/_books/fragment
2. Матяш Н.В. Инновационные педагогические технологии. Проектное обучение. М.: «Академия», 2016. – 160 с.
3. akorda.kz...events/statya...sem-granei-velikoi-stepi

УДК 004.02

АСИНХРОНДЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ

Мадьярова Гульнар Атыхановна,

педагогика ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің доценті
Алматы қ., Қазақстан

Адамова Қарлығаш Азатқызы,

2-курс магистранты
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Қазіргі уақытта білім беру саласында пандемияға байланысты оқытуда бір-қатар мәселелер туындады. Мектеп мұғалімдерінің, оқушылардың және ата-аналардың қашықтықтан оқыту жүйесіндегі өзгерістерге дайын еместігі COVID-19 пандемиясы кезінде байқалды. Көптеген қосымшалар мен платформаларды пайдалану барысында олар тиімділігі, жеделдігі, ыңғайлылығы сияқты критерийлер бойынша іріктелді. Бұл мәселелер ғылыми еңбектер мен мақалаларда көрініс тапты. Осы мақалада синхронды және асинхронды оқытудың ерекшеліктері қарастырылған шетелдік ғылыми еңбектерге талдау жасалды. Соның негізінде біз цифрлық оқытуды қолдана отырып, I-Learning қосымшасын ұсынып отырмыз. Зерттеу оқушыларға бағытталған және оқытудың бұл тәсілі оқушылардың белсенділігін арттыруға әсер етеді, академиялық нәтижелерге оң әсер етеді.

Түйінді сөздер: электронды білім беру, синхронды оқыту, асинхронды оқыту, I-Learning.

Аннотация

Актуальность и цель. В настоящее время существует ряд вопросов в области образования связанных с пандемией. Во время пандемии COVID-19 была замечена неготовность школьных учителей, учащихся и родителей к изменениям в системе дистанционного обучения. При использовании многих приложений и платформ они были выбраны по критериям, таких как эффективность, доступность, удобность и т.д. Эти вопросы были отражены в научных трудах и статьях. В данной статье проведен анализ зарубежных научных трудов, посвященных особенностям синхронного и асинхронного обучения. На основе этого мы предлагаем Приложение I-Learning с применением цифрового обучения. Исследование ориентировано на учащихся, этот подход к обучению предлагает способ активизации учащихся и может оказать положительное влияние на академические результаты.

Ключевые слова: электронное образование, синхронное обучение, асинхронное обучение, I-Learning.

Abstract

Relevance and goal. Currently, there are a number of issues in the field of education related to the pandemic. During the COVID-19 pandemic, the unwillingness of school teachers, students and parents to changes in the distance learning system was noticed. When using many applications and platforms, they were selected according to criteria such as efficiency, accessibility, usability, etc.. These issues have been reflected in scientific papers and articles. This article analyzes foreign scientific works devoted to the features of synchronous and asynchronous learning. Based on this, we offer an I-Learning Application with the application of digital learning. The study is student-centered, this approach to learning offers a way to energize students and can have a positive impact on academic results.

Keywords: e-learning, synchronous learning, asynchronous learning, I-Learning.

Кіріспе.

Ақпараттандыру заманында түрлі салалалар Интернетті кеңінен қолдануға байланысты қарқынды дамып отыр. Білім беру саласында да көптеген өзгерістер болып жатыр. Интернет арқылы

білім беру – бұл алдағы жылдары үнемі дамып отыратын үрдіс [1]. Интернет арқылы білім беру электронды оқыту (e-learning) арқылы жүзеге асырылады. Әсіресе, пандемия кезінде білім беру саласында электронды оқытудың екі түрі: синхронды және асинхронды оқыту терминдері кеңінен қолданыла бастады. Синхронды оқыту сабаққа қатысушылардың бір мезетте сабақ процесіне қосылуын талап етеді. Мұғалім оқушылармен тікелей байланыс жасауына, дер кезінде туындаған сұрақтарға жауап алуына беруіне тиімді оқытудың түрі. Алайда, мұғалімдер мен оқушылар сандық құрылғылар мен интернетке біркелкі қол жетімді емес жағдайда оқытуды қалай жүзеге асыруға болады деген сұрақ туындайды. Бұл жағдайда асинхронды білім беру тиімді. Асинхронды оқытуда оқушы оқу уақытын өзі таңдай алады.

Пайдаланған әдебиеттерге шолу

Пандемия жағдайында білім беру орындарының шұғыл онлайн білім беруге көшуі [2], e-learning қызметінің қарқынды дамуына әсерін тигізді [3]. Ғылыми педагогикалық қоғамдастық пен тәжірибеші оқытушылар [1-5] электронды оқытудың синхронды және асинхронды үлгілерін салыстырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіп, оларды тиімді ұйымдастырудың шарттарын анықтауда. Электронды оқыту (e-learning) дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда оқушылардың өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі реттеу қабілеттерін анағұрлым жақсартады делінген [4]. Алынған мәліметтер [5] мұғалімдер оқушылардың оқуын жеңілдету, оқуды бағалау және оқушылармен және ата-аналармен қашықтан қарым-қатынас жасау үшін әртүрлі синхронды және асинхронды цифрлық технологиялар мен оқыту тәсілдерін қолданғанын көрсетеді. Синхронды оқытуды жүзеге асыру үшін zoom, microsoft teams, google meet сияқты видеоконференциялар ұйымдастыруға арналған қосымшаларды пайдаланып, презентация, веб-қосымшалар, интерактивті тақтаны демонстрациялау арқылы сабақ мақсатына қол жеткізді. Ал асинхронды оқытуда мұғалімдер сабақты дәрісті алдын ала аудио\видеоға жазып немесе дәріс мазмұнын сипаттайтын тезистер, презентациялар, тапсырмаларды даярлайды. Оларды белгілі бір платформаға жүктеу немесе чат мессенджерлері арқылы оқушылармен бөліседі. Оқушылар тапсырмалардың жауаптарын почта, мессенджерлер көмегімен жіберіп, кері байланысқа түседі. Сонымен қатар, онлайн білім беруде Онлайн мектеп, күнделік кз, т.б. платформалар мұғалімдердің көмекші құралдарына айналды. Northey G. және т.б авторлардың еңбегінде [6] таныс құралдарды қолдану арқылы білім алушыларды асинхронды оқытуға тарту үлкен қызығушылық пен академиялық нәтижелерге әкеледі делінген. Алдыңғы зерттеулер оқушыларды оқыту кезінде әлеуметтік желілерді біріктіру оң нәтижелер беретіні туралы хабарлады [7]. Дегенмен, әртүрлі электронды оқыту құралдарының асинхронды оқытуға қол жеткізу үшін осындай құралдарды тапсырмаға нақты енгізуді қарастыратын зерттеулер одан да азырақ [6]. Зерттеулерде біз қол жетімді әртүрлі құралдардың бірнеше сараптамасын табамыз. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін авторлардың пікірлері мен эксперимент нәтижелерінен анықтап, қажетті ақпараттарды негізге алдық. Мұғалімдер мен оқушыларға асинхронды түрде өзара әрекеттесу үшін жұмыс парақтары мен материалдарды жүктеп салу, тапсырмаларды жіберу және кері байланысты қамтамасыз ету сияқты оқуға қатысты әртүрлі әрекеттерді орындау үшін таныс цифрлық кеңістік керек [8].

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Электронды оқытуды жүзеге асыру үшін оқушылардың жұмыс орнына кем дегенде компьютер, веб-камера және микрофон қажет екені мәлім [9]. Немесе камераға, микрофонға, интернетке қол жетімді ұялы телефон\планшеті де қолдануға болады. Осы орайда, интернеттің маңызы зор. Алайда, онлайн оқытуды жүзеге асыруда оқушылардың барлығы дерлік сабаққа қосыла алмауы мүмкін. Оған түрлі техникалық себептер болуы мүмкін. Әсіресе, шалғай аймақтарда тұратын оқушыларға интернет байланысы кей уақыттарда нашар болуы, техникалық құралдардың барлық отбасы мүшелеріне (отбасында екі не одан көп оқушы болған жағдайда) жетпей қалуы сияқты жағдайлар кездеседі. Бұл орайда, алдын-ала жазылған видео-сабақтар мен тапсырмалар оқушының қатарластарынан қалып кетпеуін қамтамасыз етеді. Мұндай оқыту түрін асинхронды деп атаймыз.

Асинхронды оқытудың ерекшелігіне келсек, ол оқушылардың өздігінен оқуына бағытталады. Өздігінен білім алып, жауапкершілікті толықтай мойнына ала отырып, жеке жұмыс атқарады. Алайда, білім алушыға мұғалім\оқытушы әрдайым қолдау көрсетіп отыруы тиіс болады.

Жалпы білім беретін орта мектепте асинхронды оқытуды тиімді ұйымдастыру жолдарын саралап, бірнеше әдіс-тәсілдер ұсынамыз. Асинхронды оқытуды жүзеге асыру үшін I-Learning деп аталатын қосымша әзірленді (1-сурет).

Сурет 1. I-Learning қосымшасының басты беті



Қосымшаның тиімділігін анықтау мақсатында жалпы білім беретін мектептерге «Информатика» пәні бойынша 8-9-сыныпқа арналған база жинақталып, эксперименттен өтілуде (2-сурет).

Сурет 2. Информатика пәнінің бір тақырыбы бойынша қамтылған ақпараттар жиыны



Егер курс жүргізіліп отырған эксперимент нәтижесінде тиімді деп танылса, мектеп және жоғары оқу орындары мұғалімдеріне пайдалануға ұмынылады. Бұл қосымшада мұғалімдерге өздерінің жаңа курстарын енгізуіне, өңдеуіне немесе қосымшада тегін ұсынылған ашық курстарды пайдалануына мүмкіндік беріледі. Егер мұғалім курс енгізуді қажет етсе I-Learning қосымшасына тіркеліп, өтініш қалдыра алады. Өтініш расталған жағдайда интерактивті сабақтар құра алады. Пән бойынша тақырыптарды енгізіп, тақырыптарға қажет болған жағдайда бейне, аудио жүктеуіне, тапсырмалар, тест жұмыстарын құрастыруына, басқа да материалдар жүктеу арқылы курсты толықтыра алады. Курсты толықтырып біткен соң, оқушыларға сілтеме жіберу арқылы курспен оңай бөлісе алады. Қосымшаны бір реттік қосымша ретінде де қолдануға болады. Қосымшада орналасқан кез-келген тақырыптың сабақтың сілтемесін оқушыларға жіберу, бөлісу оңай іске асады. Тіпті, дәстүрлі форматтағы сабақтың өзіне пайдалану арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттыруға септігін тигізеді.

Қосымшада дайын тапсырмалар құрастыруға болатын шаблондар бар. Шаблондарды пайдалану арқылы тапсырма жасау уақытты үнемдеуге септігін тигізеді. Шаблондарды пайдалану жолы қарапайым әрі түсінікті етіп жасалған. Бірреттік кері байланыс құралы ретінде пайдалануға таптырмас құрал деп білеміз. Қиындық туындап жатса, админге жазу арқылы кез-келген сұрағыңызға жауап ала аласыз. Қосымшаға оқушылар мен мұғалімдердің жеке кабинеттерін ұйымдастырып, қосымшадан шықпастан, байланыс жасауға болатын етіп құрастыру жоспарда бар.

Қорытынды

Қорытындылай келе, біз асинхронды оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін I-Learning қосымшасын жасадық. Ұялы телефон\планшет\компьютер сияқты кез-келген интернетке қосылған электронды құрылғы арқылы қосымшаны пайдалануға болады. Қосымшаның тиімділігін анықтау мақсатында «Информатика» пәнінен ресурстар жүктеліп, эксперименттен өткізілді. Эксперимент жалпы білім беретін орта мектепте өткізіліп, оң нәтиже көрсетілуде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Fadhilah, M., Sutrisna, S., Muslimah, S.N., & Ihsan, M. T. (2021). An exploring methods in online learning: synchronous and asynchronous. ETDC: Indonesian Journal of Research and Educational Review, 1(1), 74-81.
2. Aboagye, E., Yawson, J.A., & Appiah, K.N. (2021). COVID-19 and E-learning: The challenges of students in tertiary institutions. Social Education Research, 1-8.

3. Shahzad, A., Hassan, R., Aremu, A. Y., Hussain, A., & Lodhi, R. N. (2021). Effects of COVID-19 in E-learning on higher education institution students: the group comparison between male and female. *Quality & quantity*, 55(3), 805-826.
4. Rehman, R., & Fatima, S. S. (2021). An innovation in Flipped Class Room: A teaching model to facilitate synchronous and asynchronous learning during a pandemic. *Pakistan Journal of Medical Sciences*, 37(1), 131.
5. Moorhouse, B.L., & Wong, K.M. (2021). Blending asynchronous and synchronous digital technologies and instructional approaches to facilitate remote learning. *Journal of Computers in Education*, 1-20.
6. Northey, G., Bucic, T., Chylinski, M., & Govind, R. (2015). Increasing student engagement using asynchronous learning. *Journal of Marketing Education*, 37(3), 171-180.
7. Mao, J. (2014). Social media for learning: A mixed methods study on high school students' technology affordances and perspectives. *Computers in Human Behavior*, 33, 213-223.
8. Moorhouse, B.L., & Wong, K.M. (2021). Blending asynchronous and synchronous digital technologies and instructional approaches to facilitate remote learning. *Journal of Computers in Education*, 1-20.
9. Drowe J. (2019) Asynchronous learning. *Journal of Library & Information Services in Distance Learning*, 5(2), 45-55.

УДК 814.21

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ РАЗВИТИИ УЧИТЕЛЯ БИОЛОГИИ

Мажара Елена Геннадьевна,
учитель – исследователь по биологии
КГУ «Аманкарагайская общеобразовательная
школа имени Н. Островского отдела
образования Аулиекольского района»
Управления образования акимата
Костанайской области, Казахстан

Аннотация

Білім берудің әлеуметтік рөлін арттыру қоғам дамуының жаңа тұжырымдамаларын анықтаумен тікелей байланысты. Оқытушыға, педагогке, мұғалімге білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдемелерін өзгерту, жеке тәсілдемеге және жіктемелі оқытуға бағытталған технологияларды қолдану қажет. Инновациялық технологиялар оқытудың жаңа құралдарын, тәсілдері мен әдістерін іске қосуға мүмкіндік береді, нәтижесінде білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының сындарлы өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді.

Түйінді сөздер: инновация, құзыреттілік, технология, бәсекеге қабілеттілік.

Аннотация

Повышение социальной роли образования на прямую связано с определением новых концепций развития общества. Преподавателю, педагогу, учителю необходимо менять подходы к обучению и воспитанию обучающихся, применять технологии, направленные на индивидуальный подход и дифференцированное обучение. Инновационные технологии позволяют задействовать новые средства, приемы и методы обучения, благодаря которым обеспечивается конструктивное взаимодействие всех участников образовательного процесса.

Ключевые слова: инновации, компетентность, технологии, конкурентоспособность.

Abstract

Increasing the social role of education is associated with the definition of new concepts for the development of society. The teacher, the master, the educator needs to change approaches to teaching and educating students, apply technologies aimed at an individual approach and differentiated learning. Innovative technologies make it possible to use new means, techniques and teaching methods, which ensures the constructive interaction of all participants in the educational process.

Keywords: innovations, competence, technologies, competitiveness.

Повышение социальной роли образования напрямую связано с определением новых концепций развития общества. В настоящее время все более очевидна социальная неадекватность существующей традиционной школы условиям глобальных экономических, политических и культурных